

Қазақстан Республикасы кәсіптік-техникалық мектебі туралы Уақытша ережесін және кәсіптік-техникалық білім мамандықтары мен оны мамандыру тізбесін бекіту

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің 1996 жылғы 21 маусым N 194 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 28 қаңтарда N 251 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 13 тамыздағы N 554 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар 1996 жылы 27 қаңтардағы N 2829 "Қазақстан Республикасында білім туралы кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Жарлығы және Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің 1996 жылғы 14 наурыздағы N 2/1 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын білім беру мекемелерінің жүйесі мен құрылымын барынша ұтымдыландыру туралы бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасы кәсіптік-техникалық мектебі туралы Уақытша Ережесін және мамандықтары мен оны мамандандыру Тізбесі бекітілсін.

2. Кәсіптік-техникалық білім басқармасы /Бөрібеков Қ./:

2.1. Қазақстан Республикасы кәсіптік-техникалық мектебі туралы Уақытша ережесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде қаттаудан өткізсін.

2.2. 1996 жылдың 15 тамызына дейінгі мерзімде, кәсіптік-техникалық мектептердің оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың регламенттейтін жаңа нормативті құжаттар әзірлесін.

3. Министрліктер мен ведомстволардың, кәсіптік-техникалық мектеп басқару органдары, облыстық және Алматы қалалық білім басқармалары /департаменттері/, кәсіптік-техникалық мектеп директорлары оқу Жарғысын Уақытша ережесіне сәйкес келтіріп 1996 жылдың 1 тамызына дейінгі мерзімде жергілікті білім органдарында белгілі тәртіп бойынша қаттаудан өткізсін.

4. КСРО мемлекеттік білім комитетінің 1989 ж. N 565 Уақытша кәсіптік-техникалық училище туралы ережесін бекіту туралы" бұйрығы күшін жояды.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды министрдің орынбасары Беркімбаева Ш.Қ. жүктелсін.

Министр

Енгізген:

Кәсіптік-техникалық білім

Келісілді:

Министрдің орынбасары

басқармасы
" ___ " _____ 1996 ж.

Жоғары білім және ғылым
бас басқармасы
" ___ " _____ 1996 ж.
Орта білім беру бас басқармасы
" ___ " _____ 1996 ж.
Экономика және қаржы бас
басқармасы
" ___ " _____ 1996 ж.
Орта арнаулы білім басқармасы
" ___ " _____ 1996 ж.
З а ң б ө л і м і

" ___ " _____ 1996 ж.

Қазақстан Республикасы кәсіптік-техникалық мектебі туралы УАҚЫТША ЕРЕЖЕ I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының кәсіптік-техникалық мектебі қоғамды және мемлекетті қажеттілігіне қарай кәсіптік-техникалық біліммен қамтамасыз ететін, Қазақстан Республикасының барлық азаматтарына денсаулығына және қабілетіне, мүддесіне сай кәсіптік мамандықтармен біліктілік алуға тең мүмкіндіктер жасайтын жалпы орта білім беру жүйесінің оқу орны болып т а б ы л а д ы .

2. Кәсіптік-техникалық мектеп жеке тұлғаны дамытуға, оның талабын ашуға, кәсіптік шеберлігін қалыптастыруға және әлеуметтік қорғауға қолайлы жағдайлар жасайтын ұлттық білім жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі болып т а б ы л а д ы .

3. Кәсіптік-техникалық мектептің басты міндеттері:

- жастар мен ересектердің нарықтық-экономика жағдайында қоғамға пайдалы және өнімді еңбекке араласуына қажетті жұмысшы мамандығын және кәсіптік-техникалық білім алуына жағдай жасау;

- болашақ жұмысшы кадрларын жоғары сапалы кәсіппен және орта біліммен қ а м т а м а с ы з е т у ;

- нарықтық экономика жағдайында жастарды белсенді көзқарасқа тәрбиелеу, қоғамдық және өндірістік еңбек байланыстарын жетілдіруге қатыстыру;

- еңбекпен қамтамасыз ету қызмет орындарымен, мекемелерімен, түрлі формалы меншіктегі кәсіпорындармен және азаматтармен келісім шартқа отыру арқылы өзінің базасында жұмысшы кадрларын даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жұмысына әдістемелік көмек көрсету, оқу бағдарламаларымен қ а м т а м а с ы з е т у .

4. Кәсіптік-техникалық мектеп кәсіпорындармен, түрлі меншіктегі жұмыспен камту орындарымен және азаматтармен шартқа отыру арқылы мемлекеттік тапсырыс бойынша оқытудың күндізгі, кешкі /сменалы/ түрлерімен өндірістен қол үзіп және қол үзбей оқитын, сонымен қатар жекелей оқытумен жұмыссыздармен жұмыстан босатылған жұмысшы кадрларын даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыруды негізгі оқу орны болып табылады, сонымен қатар жалпы білім беретін орта мектептің негізгі сатысын бітірген жастарды.

а/ 3 жылдан кем емес оқу жалпы орта біліммен;

б/ 2 жыл оқу мерзімінде жалпы орта білімсіз;

в/ жалпы орта мектептің жоғарғы сатысын бітірген азаматтарды 2 жылға дейінгі мерзімде оқытады.

Кәсіптік техникалық мектепте Жарғы мен Ереже негізінде кешкі /сменалы/ бөлімдер /топтар/ мен бөлімшелер /филиалдар/ құруға /ашуға/ болады және оның құрылымы болып табылады.

5. Білім /мекемелері/, мемлекеттік кәсіпорындар, мекемелер, кооперативтер, акционерлік қоғамдар, қоғамдық ұйымдар, азаматтар, шет ел азаматтары мен фирмалары кәсіптік-техникалық мектептің құрылтайшылары бола алады. Мемлекет өз тарапынан барлық құрылтайшыларға тең дәрежеде құқықтық жағдай жасайды. Кәсіптік-техникалық мектепті қалыптастыру, қайта құру және жабу тәртібі Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңына сай жүргізеді. Кәсіптік-техникалық мектеп Қазақстан Республикасының заңында көрсетілгендей білім /мекемелерінің/ лицензиясын алған сәттен бастап ағартушылық қызметін бастауға және жеңілдіктерін пайдалануға құқылы.

6. Кәсіптік-техникалық мектепті аттестациялау білім мекемелері бекіткен тәртіппен бес жылда бір рет өтеді.

7. Бекітілген тәртіппен тіркелген кәсіптік-техникалық мектеп заңды ұйым болып саналады, оның өз балансы, банкте есеп айырысу шоты, валюталық және басқа есептері болып, мөрінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы бейнеленуі керек.

8. Кәсіптік-техникалық мектеп Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының негізінде Уақытша ережеге сәйкес Жарғысын дайындап бекіткенде міндетті түрде:

- құрылтайшысы;
- кәсіптік-техникалық мектептің құқықтық ұйымдастыру қалпы;
- оқыту процесінің мақсаты, қолданылатын оқу бағдарламаларының түрлері мен үлгілері;
- оқу процесін ұйымдастырудың негізгі сипаттамалары;
- қаржы және шаруашылық қызметінің құрылымы;
- оқу орнын басқару тәртібі;

- оқыту процесіне қатыстылардың құқықтары мен міндеттері;
- оқу орнының жұмыс тәртібін шектейтін актілердің тізбегі (бұйрықтар, жарлықтар т.б.) көрсетілуі керек.

Оқу орнының Жарғысы құрылтайшылардың келісімімен жасалып қабылданды.

9. Кәсіптік-техникалық мектеп өзінің құрылымын, өндірістік, кооперативтік және басқа еңбек түрлерін Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес ұйымдастыруға құқылы.

10. Кәсіптік-техникалық мектептер басқа оқу орындарымен, кәсіпорындармен, ұйымдармен бірігіп, оқу өндірістік, оқу-сауда өндірістік бірлестіктер, ұйымдар, оқушылардың шағын кәсіпорындарын, оқушылар мен жұмысшылардан құралған еңбек ассоциацияларын құра алады. Сонымен қатар олар заңдық және қаржы-шаруашылық тәуелсіздігін сақтай отырып, жоғары білім оқу орнының құрамына ене алады.

11. Кәсіптік-техникалық мектеп оқушылардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға жағдай жасайды. Оқушыларға медициналық қызметті денсаулық сақтау мекемелері қамтамасыз етеді. Медицина қызметкерлеріне арнайы жабдықталған жай беріледі. Оқушылардың оқу, еңбек және демалысын ұйымдастыру Қазақстан Республикасының Заңына, оқу орнының жарғысына сәйкес оқу орнының басшыларына жүктеледі.

12. Кәсіптік-техникалық мектеп оқушыларды еңбек нарқының талабына сай жұмыс ұсынушылармен шартқа отыру арқылы қабылдайды. Кәсіптік-техникалық мектепке қабылдаудың реті жалпы Ережелермен анықталады.

II. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру

13. Кәсіптік-техникалық мектептегі оқу-тәрбие процесі оқушы мен педагогтардың арасындағы бұқаралық және гуманистік принципке негізделіп, және тұлғаның рухани бостандығын қамтамасыз ету арқылы, оқушыны білімге ынталандыруда теориялық, өндірістік оқытуды, өндірістік практиканы және оқушылармен тәрбиелік жұмысты қамтиды. Білім берудің мазмұны жастардың кәсіби білім алуына, біліктілігін арттыруға, жалпы мәдени және арнайы дайындығын кеңейтуге бағытталған.

14. Кәсіптік-техникалық мектепте маман жұмысшыларды даярлау, қайта даярлау және кәсіби білімін арттыру оқу орнының кәсіпорынымен, жұмыспен қамту орындарымен, жеке азаматтармен келісілген мамандықтар бойынша мамандықтар тізімі негізінде және Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігі бекіткен кәсіби мамандықтардың сипаттамасына сай жүргізіледі.

Мамандықтар тізімінде көрсетілмеген кәсіби мамандықтарға даярлау, қайта

даярлау және білімін арттыру үшін қосымша лицензия жасалынады.

15. Кәсіптік-техникалық мектеп қосымша білім беретін бағдарламалар жасап оқу бағдарламаларынан тыс қосымша білім беруді жүзеге асырады, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әскери борышты өтеуге дайындық жүргізеді.

Оқу-тәрбие процесінің сапасын және тиімділігін арттыру мақсатында қоғамдық-педагогикалық және экономикалық (тәжірибелер) жүргізеді.

16. Кәсіптік білімнің бұқаралық, көп салалық, ұлттық, аймақтық және өндірістік ерекшеліктері жалпы орта және кәсіптік-техникалық білім беру циклының пәндерін қамтитын оқу жоспары мен бағдарламаларының мазмұны және құрылымымен анықталады (қамтамасыз етіледі).

17. Кәсіптік-техникалық білім стандарты мен тізімінің мақсаты жалпы орта және кәсіби білім беретін оқу бағдарламаларына қойылатын талаптарды қадағалау, құжаттардың республика мен шет ел баламалық, конверсиялық сапасы мен деңгейін қамтамасыз ету.

Кәсіптік-техникалық білім стандартын жасау және бекіту Қазақстан Республикасы Үкіметі анықтайды.

18. Оқытудың қай тілде жүретіні кәсіптік-техникалық мектептер өз және оқушы мүмкіндіктеріне сай өздері шешеді.

19. Кәсіптік-техникалық мектепте оқу жылы (күндізгі оқу) әдеттегідей 1-қыркүйектен басталып, 1-ші шілдеде аяқталуы тиіс. Оқу орны жергілікті жағдайға байланысты оқу жылының басталу мерзімі мен аяқталу мерзімін өз беттерімен белгілей алады. Жекелеген оқушылар үшін оқудың басталуы оқу топтарын жинақтау мерзіміне сәйкес немесе сұраныс жасаушы өнеркәсіптік келісім шарттарына сай жүргізіледі. Оқушылардың апталық оқу жүктемесі 36 сағаттан аспауы керек. Оқу жылына шаққанда каникул мерзімі 10 аптадан кем болмауы тиіс.

20. Оқу топтары кәсібіне сай жүктелуін, оқушы саны 25-тен кем болмай жинақталуы тиіс.

Ауылдағы кәсіптік-техникалық мектептерге жергілікті білім беру басқармасының келісімімен бюджеттен тыс қаржыға сүйеніп, 15 оқушыдан кем емес оқу топтарын құруға рұқсат етіледі.

Жұмысшы кадрларын даярлау, қайта даярлау сұраныс жасаушылар тарапынан қаржыландырылатын топтардың оқушы саны келісім шартқа сай оқу орны белгілейді.

21. Кәсіптік-техникалық мектепте теориялық және өндірістік оқудың негізгі формасы сабақ болып саналады. Сонымен қатар лекциялар, семинар, әңгіме сабақтары, практикумдар, қосымша сабақтар, өз беттік және лабораториялық іс-тәжірибе жұмыстары, факультативтік сабақтар жүреді.

Жекелеген пәндердің теория мен іс-тәжірибе сабақтарында, дене тәрбиесімен тіл сабақтарында топтар бөлшектенуі мүмкін. Бөлініп оқытылатын пәндердің тізімі оқу жоспарында көрсетіледі. Теориялық оқыту сабағының уақыты 45 минут, қажетті жағдайларда бір пәннен екі сабақ қатар өткізуге болады, үзіліс 5 және 10 минут екі сабақтан кейін. Теориялық және іс-тәжірибелік сабақтардың реті оқу жоспарымен анықталады.

22. Оқушылардың өндірістік оқыту оқу-өндірістік шеберханаларда, лабораторияларда, полигондарда, оқу орнының шаруашылықтарында, бөлімшелерде, құрылыс объектілерінде, егіндікте, сұраныс жасаушы кәсіпорын фермаларында жүреді.

Оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес өндірістік оқыту барысында және оқудан тыс уақытта оқушылар өндірістік және ауыл шаруашылық өнімдерін өндіре, халық тұтынатын өнімдер шығара, халыққа ақылы қызмет көрсете, сондай-ақ сатылуға тиісті өнімдер шығара алады.

Барлық мамандықтар бойынша өндірістік оқыту 12-15 адамнан тұратын топтарда, күрделі жабдықтармен, қауіпті кәсіптерді меңгертетін оқу қолда бар мүмкіндіктерге сүйеніп жүргізіледі.

23. Оқушылардың өндірістік практикасы жеке жұмыс және арнайы қызмет орындарында, өте сирек жағдайда кәсіптік-техникалық мектептің жұмыс орындары жабдықталған шеберханаларында өтуге тиіс.

24. Оқушылардың білім сапасына, білім мен шеберлігіне көрсеткіш болатын бағалар "5" (өте жақсы), "4" (жақсы), "3" (қанағаттанарлық), "2" (қанағаттанарлықсыз). Қорытынды баға емтиханда немесе жүргізілген бақылау жұмыстарының қорытындысы бойынша жүргізіледі. Оқу орны оқушылардың білімдерін тексеретін әдістер мен тәсілдерді, түрлі бақылау түрлерін өздері енгізуге құқығы бар.

25. Кәсіби дайындықты жүйелі бақылау мақсатымен кәсіптік-техникалық мектептерде кезеңдік аттестация жүреді. Аттестация қорытындысына сүйеніп оқушыларға кәсіби дайындығының сол кезеңдегі деңгейіне сәйкес квалификация (разряд, класс, дәреже) беріледі.

Оқушылар бітірер кездерінде квалификациялық емтихан тапсырады.

26. Оқушыны келесі курсқа өткізу, квалификациялық емтиханнан өтуге рұқсат беру, кезеңдік аттестация мен квалификация (разряд, класс, дәреже) бекіту Қазақстан Республикасының Білім министрлігі бекіткен Нұсқаумен анықталады.

III. Кәсіптік-техникалық мектеп оқушылары

27. Оқушылар таңдаған мамандығына сәйкес:

- білім стандартына сай кәсіптік-техникалық білім алуға;
- жеке оқу жоспарымен оқып жедел немесе шұғыл түрде емтихан тапсыруға;
- оқу барысында оқу орнының оқу-өндірістік, библиотекалық, спорт және мәдени базасын ақысыз пайдалануға;
- оқудан тыс уақытында білім алуын жұмыспен ұштастыруға;
- оқу орнының өзін-өзі басқару ұйымдарының жұмысына қатысуға;
- оқудағы, ғылыми-өндірістік, творчестволық жетістіктері үшін сыйлықтар алуға құқылы.

28. Кәсіптік-техникалық мектеп оқушылары - кәсіби шеберлікті адам меңгеруге, ғылым негіздеріне сүйеніп қабілеттерін жетілдіруге, білімдерін өз беттерімен жетілдіріп оны іс жүзінде көрсете білуге, ұжымның қоғамдық өміріне белсене араласуға;

- ішкі тәртіп ережелері мен кәсіптік-техникалық мектептер Жарғысында көрсетілген басқа да талаптарды орындауға міндетті.

29. Кәсіптік-техникалық мектеп оқушыларды құрылтайшының шешімімен бүгінгі мөлшерге сай стипендиямен, киіммен, тегін тамақпен, жатақханадағы орынмен, көпшілік жол көлігінде жүру жеңілдігімен, тағы да басқа жеңілдіктермен, қаржылай көмектер алуға қамтамасыз етіледі.

30. Жетім балаларды, ата-ана орнындағылардың қамқорлығынан тыс қалған балаларды оқыту қаржысын толығымен мемлекет көтереді.

31. Оқушыларды оқыту процесіне байланысы жоқ жұмыстарға сабақтан қол үздіріп пайдалануға тыйым салынады. Оқу тек түрлі апаттар кезінде ғана үзілуге тиіс. Сонымен қатар табиғаттағы жайсыз жағдайларға байланысты облыс, қала, аудан әкімдерінің шешімімен оқу уақытша тоқтатылады.

32. Ішкі тәртіп пен оқу орнының Жарғысын жиі бұзып, сабақтарға себепсіз қатыспайтын және үлгермейтін оқушыларға оқудан шығару шаралары қолданылады.

33. Оқудың толық курсы бітіріп, барлық кәсіби саладағы пәндерден және өндірістік іс-тәжірибеден жақсы қорытынды бағалары бар кәсіптік-техникалық мектеп оқушыларды бітіру квалификациялық емтихандарына жіберіледі.

Оқушылар теориялық пәндердің емтихандарынан денсаулығы жайлы дәрігерлік комиссияның ауруға байланысты бекіткен анықтамасына сүйеніп босатылады.

Емтихандардан босатылуға құқық беретін аурулар Тізімін Білім министрлігі мен Денсаулық министрлігі бірігіп бекітеді.

34. Кәсіптік-техникалық мектепті бітіріп, мемлекеттік аттестациядан өткендерге Қазақстан Республикасының кәсіптік білім мен квалификацияға сай

дәрежедегі үлгісімен бекітілген құжат беріледі.

35. Кәсіптік-техникалық мектептің өндірістік іс-тәжірибеден, кәсіби және жалпы техникалық пәндерден және басқа пәндерден 75%-тен кем емес мөлшерде "5" (өте жақсы) бағаға ие, ал қалған пәндерден бағасы "4" (жақсы) болған, мемлекеттік аттестациядан "5" (өте жақсы) бағамен өткен бітірушісіне үздік үлгіде бітіргендігі белгісі көрсетілген құжат беріледі.

36. Кәсіптік-техникалық мектептегі оқу уақыты жалпы еңбек стажына енеді, сондай-ақ кәсіптік-техникалық мектепті бітіргеннен кейін бастап жұмысқа тұрғанға дейінгі уақыты бір айдан аспаса үзіліссіз еңбек стажына енеді.

37. Кәсіптік-техникалық мектептің күндізгі оқу түрін бітірушілерге, 10 ай көлемінде және одан да көбірек оқып бітірушілерге сұраныс беруші өнеркәсіп және басқа да жұмыс орнын берушілер жұмысқа шығар алдында бекітілген разрядына (класы, дәрежесі) сай тарифтік төлем мөлшерімен заңға сәйкестендірілген ақылы еңбек демалысын беруге тиісті.

IV. Кәсіптік-техникалық мектептің инженер-педагог қызметкерлері

38. Инженер-педагог қызметкерлерге басшылар, оқытушылар, өндірістік оқыту шеберлері (нұсқаушылар), тәрбиешілер және оқу орнының еңбек ұжымдарының басқа да мүшелері жатады. Жұмысшыларды дайындау, қайта дайындау және білігін арттыру тәрбиелік жұмыстарды орындаушылар оқыту процесіне әдістемелік қамтамасыздық жасап, олардың іс-жүзіне асуына қатысушылардың барлығы "Білім туралы" Заңның педагогтарға арналған барлық жеңілдіктерін пайдалана алады.

39. Инженер-педагог қызметкерлерді жұмысқа қабылдау конкурстық негізде жүріп, контракт жасау арқылы іске асады. Инженер-педагог қызметкерлер қатарына қажетті кәсіби-педагогикалық білігі бар, білігі оқу орнының саласымен сәйкес және білімі жайлы дипломы бар немесе жоғары өндірістік, инженерлік (пәндік), психология-педагогикалық білігі бар азаматтар қабылданады.

40. Педагогикалық қызмет атқаруына сот үкімімен тыйым салынғандар немесе дәрігерлік рұқсат берілмегендер қызметке қабылданбайды.

41. Инженер-педагог қызметкерлерге талап бекітілген негіздегі біліктілік мінездемелермен анықталады. Кәсіптік-техникалық мектеп қызметкері мен әкімшіліктің қатынасы Қазақстан Республикасының Еңбек туралы заңдарына сәйкес 3 жыл мерзімге жасалған контрактімен (еңбек шартымен) көрсетіледі.

42. Кәсіптік-техникалық мектептің инженер педагогтары мына құқықтарға ие:

- педагогикалық жаңашылдық, оқыту мен тәрбие әдісіндегі таңдау еркіндігі;

- еңбекке моральдық және материалдық ынталандыру;
- дайындау, қайта дайындау мен жұмысшылар мен мамандардың біліктілігін арттыру кезіндегі өз шығармашылық деңгейін таныта білу;
- оқу орнының мәліметтік қорын, оқытудағы көмегін, ғылыми-әдістемелік, әлеуметтік-тұрмыстық, дәрігерлік қызметін және басқа да көмектерін пайдалану;
- кәсіптік-техникалық мектеп әкімшілігінің бұйрықтары мен шешімдерімен келіспеген жағдайда шағым арыз беру.

Жеке еңбек педагогикалық шығармашылық әрекетін іске асырушы инженер-педагог қызметкер өзі оқытатын кәсіптік-техникалық мектептің оқушысын жеке мақсатына пайдалануға қақысы жоқ.

43. Инженер педагог қызметкерлер Қазақстан Республикасының Заңында бекітілгендей белгіленген мөлшердегі жұмыс күнін, ұзартылған ақылы демалыс алуға құқықты.

44. Кәсіптік-техникалық мектеп инженер-педагогтардың міндеттері:

- оқу мен тәрбиені жоғары кәсіби деңгейде Қазақстан халқының ұлттық дәстүрі рухында жүргізу;

- болашақ маманның шығармашылық қабілетін дамыту үшін оқушыны белсенді түрде оқу-өндірістік және басқа шығармашылық әрекеттерге жұмылдыру;

- оқушының жеке басын құрметтеп, оны имандылыққа, азаматтылыққа, заңды құрметтеуге тәрбиелеу;

- педагогикалық этиканы сақтау;

- оқытудың қорытынды көрсеткішіне жауапкершілікпен қарау, оқыту бағдарламасына сай оқушы білімі мен білігін қамтамасыз ету;

- Кәсіптік-техникалық мектептің Жарғысының талаптарын сақтау.

45. Инженер-педагог қызметкерлерге еңбек ақы, айлық жалақы орындалған жұмыс пен функциональды міндеттерге байланысты контрактыда көрсетілгендей төленеді. Қызметкерлердің орындаған басқа жұмыстары мен міндеттері үшін қосымша ақы қосымша келісім арқылы төленеді.

46. Инженер-педагог қызметкерлерге оқытудағы, ғылыми-әдістемелік, тәрбиешілік және басқа жарғыға сай іс-әрекеттеріндегі жетістіктері үшін рухани және материалдық құрметтеу белгіленеді.

47. Инженер-педагог қызметкерлерді жұмыстан шығару Қазақстан Республикасының Еңбек заңына сәйкес жүзеге асырылады.

V. Кәсіптік-техникалық мектепті басқару

48. Кәсіптік-техникалық мектепті басқару-құрылтайшысымен тығыз байланыс жағдайында, оқу орнының өз дербестігін, ұжымның өзін-өзі басқаруын

сақтап, барлық оқушылар мен қызметкерлерді біріктіріп, бір орталықтар үйлестіріп басқару негізінде іске асады.

49. Кәсіптік-техникалық мектептің өзін-өзі басқару органы-педагогикалық Кеңес пен кәсіптік-техникалық мектептің Жарғысында көрсетілген басқару органдары.

50. Кәсіптік-техникалық мектепті тікелей басқарушы-директор, оны мемлекеттік басқарушы мекеме облыстық (қалалық) білім басқармасы немесе құрылтайшысы тағайындайды.

Директордың жеке басы оқу орнының Жарғысымен педагогикалық Кеңестің шешімін немесе жоғары сатыда тұрған органдардың шешімін күтетін жайлардан басқаның бәрін шеше алады.

Кәсіптік-техникалық мектеп директоры:

- оқу орны жұмысының нәтижелеріне толығымен жауап беруші;
- оқу орнының ұжымының атынан іс-әрекет жасаушы, оқу орнының қажеттіліктерін барлық органдарға, мекемелерге, өнеркәсіптерге, ұйымдарға жеткізуші, қазынаны жұмсауды шешуші;
- өз орынбасарларын тағайындап және жұмыстан босатушы, бас бухгалтерді жоғары сатыдағы органдардың келісімімен, ал басқа қызметкерлерге еңбек заңына сәйкес міндеттерін анықтаушы;
- еңбек ақы қорының есебінен кесікті қызмет ақы мен еңбек ақыны бірыңғай тарифтік мөлшерге сай бекітуші;
- оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерін және оқу орнының басқа қызметкерлерінің жұмысын тексеруші.

VI. Кәсіптік-техникалық мектептің оқу-материалдық базасы

51. Кәсіптік-техникалық мектептің оқу-материалдық базасына жататындар оқу үйі, ғимараттар, қазыналық комплекстер (оқу, тұрғын, қосымша), оқу шаруашылығының жер участогі, оқу-полигондары, әр түрлі жабдықтар мен безендірулер, оқу-көрнекі құралдары, техникалық оқыту құралдары, электронды есептеу техникасы, басқа да білім берудің негізгі міндеттерін орындауға қажетті оқу құралдары.

52. Кәсіптік-техникалық мектептердің ережелік қызметі үшін құрылтайшы өздеріне бекітілген немесе басқа жекеменшік иелерінен жалға алған объектілерді, мекемелерді, құрылыстарды, құрал-жабдықтарды, тұтыну, әлеуметтік, мәдени және басқа мақсаттағы заттарды бере алады.

53. Кәсіптік-техникалық мектептің оқу-материалдық базасы белгіленген нормативтердің талап деңгейінде болуы керек.

54. Кәсіптік-техникалық мектеп меншік иелерінің алдында өздеріне

бекітілген меншіктің сақталуы мен пайдалы қолданылуы үшін жауапты болады. Кәсіптік-техникалық мектепке бекітілген меншікті қайтарып алу мен тартып алуға тек басқа келісім шарттары жасалмай меншік иесі мен оқу орнының арасындағы келісім мерзімі аяқталған кезде ғана жол беріледі.

55. Кәсіптік-техникалық мектеп жалға беру құқығына ие бола алады.

56. Оқу-материалдық базаның дамуы кәсіптік-техникалық мектептерде бюджеттік қор мен бюджеттен тыс өзіндік қаржылардың есебінен жүзеге асады.

57. Кәсіптік-техникалық мектептерде өндірістік және ауылшаруашылық өнімдері үшін оқу ісіне керекті шикізат, материал және жабдықтар өндіру бюджет арқылы және мектеп пайдасындағы бюджеттен тыс қорлардың есебінен жүзеге асады.

VII. Кәсіптік-техникалық мектептерді қаржыландыру

58. Кәсіптік-техникалық мектептерді қаржыландыру жоғарғы басқару мекемесі бекіткен шығыс сметасы негізінде, сондай-ақ ғылыми негізделген нормативтерге сай жергілікті бюджет арқылы жүзеге асады. Нормативтердің нақты мөлшері инфляцияның өсуіне қарай үнемі белгілеген отырады.

Бекітілген шығыс сметасының шеңберінде кәсіптік-техникалық мектептер:

- бюджеттік қор есебінен еңбек ақысынан, стипендия және тамақ қорынан басқа шығыстарды бекітеді және қайта бөледі;
- сметадағы бюджеттен тыс (арнайы) қорларды еңбек ақысы және бюджетке кіріс төлемдерінен басқа көрсетілген бюджеттен тыс қорлардың барлық түрлерін бекітеді және қайта бөледі.

59. Тұрғындардың еңбекпен қамтылмаған және жұмыстан қысқарып қалған жұмысшыларды дайындау, қайта дайындау және кәсіби шеберлігін көтеруі қаржыландыру мемлекеттік қордың, сондай-ақ мекемелер, ұйымдар, фирмалар т . б . о р ы н д а р д ы ң ж ә н е

- қоғамдық қайырымдылық ұйымдарынан, азаматтардан, оның ішінде шетел азаматтары мен фирмалардан түскен қаржы;

- заңға қайшы келмейтін басқа да қаржы көздері жатады.

60. Кәсіптік-техникалық мектептердің бюджеттік ассигнованияның мөлшері бюджеттен тыс түсімдердің кіріс мөлшеріне қарай азайып қалмайды немесе оны б ө л у т о қ т а т ы л м а й д ы .

61. Кәсіптік-техникалық мектеп оперативтік және бухгалтерлік есепті іске асырады, статистикалық және бухгалтерлік есеп беруді белгіленген мерзімде орындап, құрылтайшыларға қаржы-шаруашылық қызметіне және ұжымның алдында бюджеттен тыс қордың есебіне жауап береді.

62. Кәсіптік-техникалық мектептің табыс әкелетін жұмыспен айналысуға

Осындай қызметтен түсетін табыс кәсіптік-техникалық мектептің өз үлесінде қалады. Кәсіптік-техникалық мектеп Қазақстан Республикасының белгіленген салық төлемінен басқа бюджетке міндетті төлемдердің барлық түрінен босатылады.

VIII. Халықаралық ынтымақтастық және ішкі экономикалық қызмет

63. Кәсіптік-техникалық мектеп заңда белгіленген тәртіппен шетелдік кәсіпорындармен, оқу орындарымен, ұйымдармен және фирмалармен тікелей байланыс орната алады.

64. Қазақстан Республикасының кәсіптік-техникалық мектептерінде шетел азаматтарын оқыту, дайындау, қайта дайындау және кәсіби шеберлігін көтеру Қазақстан Республикасының халықаралық келісімінде негізделген заңды, жеке тұлғалардың орнымен тікелей келісімі арқылы жүзеге асады.

65. Кәсіптік-техникалық мектеп ішкі экономикалық қызметті өз еркімен жүзеге асырады және заңда белгіленген тәртіппен банкте және басқа да несиелік мекемелерде валюталық есеп аша алады.

66. Ішкі экономикалық қызметінен түскен валюталық кәсіптік-техникалық мектептің өз үлесінде қалады және басқалар иемдене алмайды.

67. Шетел азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар оқу орнына қабылданған соң сай құқықтарға ие болып, міндеттеме алады.